



ХҒТАР 14.35.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-332-351>

Медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту: цифрлық этикеттің рөлі

П.Б. Сейітқазы¹, М. Читил², Н.А. Ырымбаева^{*3}, Н.У. Кулдашева⁴,
Ж.Т. Сүлейменова⁵

^{1,3,4,5}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Гази университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: ¹perizatbs@mail.ru, ²mcitil@gazi.edu.tr, ³nurgul.a@internet.ru, ⁴nadezhda.22.77@mail.ru,
⁵zhansaya_toktarovna@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі цифрлық әлемде медиабілім – болашақ маман дамуының қажетті аспектісіне айналууда. Медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту импульсивті мінез-құлықты бақылауға, уақытты тиімді ұйымдастыруға, сыни тұрғыдан ойлауға, өз эмоциясын басқара білуге, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі іс-әрекеті үшін маңызды. Ал осы орайда цифрлық этикет интернеттегі мінез-құлықты реттейтін ережелер мен нормалардың жиынтығы бола отырып, өзгелерге құрмет көрсетуді, қауіпсіздікті, қорлау мен агрессивті әрекеттерді болдырмауды, зияткерлік меншікті ескеру мен құпиялылық құқықты сақтауды қамтиды.

Ұсынып отырған мақалада медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдылары мен цифрлық этикеттің өзара байланысы зерттеліп, осы мәселелердің студенттердің жеке тұлғалық және кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері сипатталған.

Зерттеу жұмысы АР19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» гранттық жобасы аясында ұйымдастырылып, жалпы саны 669 респондентті қамтыды. Арнайы құрылған сауалнама студенттердің цифрлық медиа туралы пікірлерін, интернет қолданысының эмоциялық және психологиялық күйлеріне әсерін, цифрлық этикет ережелері мен мүмкіндіктері туралы білімдерін анықтауға негізделген.

Сауалнама нәтижелері студенттердің цифрлық ортада мүмкіндігінше қауіпсіздікті сақтап, цифрлық этикет ережелерінің маңыздылығын ескеретінін айқындады. Алайда, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикетті тәжірибе жүзінде қолдануда кейбір олқылықтар анықталып, қосымша зерттеу қажеттілігін көрсетті.

Зерттеудің теориялық деректеріне және сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып авторлар тарапынан медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлы этикетті жүзеге асыру жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: медиабілім, медиабілім үдерісі, өзін-өзі реттеу, цифрлық этикет, психологиялық денсаулық, цифрлық медиа.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық дәуірде академиялық оқу бағдарламаларына медиабілім беруді интеграциялаудың өзектілігі күннен күнге артуда. Студенттер цифрлық медианың әртүрлі нысандарын белсенді пайдаланатындықтан, олардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту онлайн өзара әрекеттесуді тиімді басқару және ұйымдастыру үшін маңызды болып отыр. Өз эмоцияларын, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын, жеке ойларын басқару қабілетін қамтитын өзін-өзі реттеу – өнімді, толерантты цифрлық ортаны дамыту үшін керек. Ал бұл үдерісте цифрлық этикет немесе онлайн-коммуникациядағы мінез-құлық нормалары мен ережелері ерекше рөл атқарады.

Медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеудің өзектілігі цифрлық платформалардың таралуымен білім алушылардың мұқият пайымдауы және эмоционалды бақылауын қажет ететін көптеген интернет аясында кездесетін мазмұн мен өзара қарым-қатынастық әрекеттесулермен айқындалады. Ал өзін-өзі реттеу дағдылары студенттерге осы цифрлық кеңістікте сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік беріп, білім алудағы жетістіктер мен эмоционалдық әл-ауқаттың жақсаруына да ықпалы зор. Сонымен қатар, цифрлық этикетті сақтау киберортадағы қауіптерді азайтып, қауіпсіз цифрлық қауымдастықты ілгерілетіп, онлайн өзара әрекеттесулердің мәдениетті және сындарлы болуын қамтамасыз етеді.

Медиабілім беру, өзін-өзі реттеу және цифрлық этикет арасындағы байланысты зерттеу, ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы аясында ерекше назар аударуды талап етеді. Зерттеудің бұл саласы бірнеше ғылыми пәндердің – педагогика, психология, әлеуметтану, медиа зерттеулердің түйіскен жерінде орналасып, оның күрделілігі мен жан-жақтылығын көрсетеді.

Өмірдің барлық салаларының жаһандық цифрландыруға ауысуы әртүрлі мазмұнмен қаныққан ақпараттық ортаға енуге, сол медиа кеңістікте сыни ойлауды қалыптастыруға, сенімді ақпарат көздерін іріктеуге, цифрлық ортада саналы және қауіпсіз әрекет етуге әкеледі. Ал көретін және қабылдайтын ақпараттың шамадан тыс көлемі білім алушылардың психологиялық денсаулығына өзіндік әсері бар жүктеме екендігі анық. Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту болашақ мамандарға ақпарат ағыны жағдайында өзінің назарын, эмоциясын, мінез-құлқын саналы түрде басқаруға және бағыттауға, интернетке тәуелділіктің, эмоционалды қажудың дамуына жол бермейді. Ал, цифрлық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетіне негізделген цифрлық этикет бір-біріне құрметпен және төзімділікпен қарауды дамытуға бағытталған тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігіне айналады.

Бүгінгі еңбек нарығының өзгеруі және жаңа құзыреттерге деген сұраныс болашақ мамандардан медиасауаттылық, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, креативті шығармашылықты, үлкен көлемдегі ақпаратпен еркін жұмыс істей білуді, цифрлық ортадағы коммуникабельділік сияқты қасиеттерді алға тартады. Медиабілім үдерісі шеңберінде осы құзыреттерді мақсатты дамыту – болашақ мамандарды кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру кезінде елеулі қиындықтарға тап болу қаупіне ұшыраудың алдын алады.

Әлеуметтік медиа мен онлайн коммуникациялардың рөлінің артуы виртуалды кеңістікте жеке тұлғаның әлеуметтік байланыстар орнатуына, өзін-өзі көрсету үшін

көптеген мүмкіндіктер ашады. Алайда, виртуалды коммуникацияның өзіндік ерекшелігі бар және оны сауатсыз, абайсыз пайдалану қақтығыстарға, кибербуллингке, шындықты бұрмаланған түрінде қабылдауға әкелуі мүмкін. Осы орайда медиабілім студенттерді онлайн-ортада тиімді және қауіпсіз қарым-қатынас дағдыларымен қаруландырып, олардың эмоционалды интеллектісі мен әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы медианың манипуляциялық әлеуетін естен шығармаған абзал. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық сананы манипуляциялауға жаңа жолдар ашады. Көптеп кездесетін жалған жаңалықтар, үгіт-насихат, алаяқтардың әрекеті, жасырын жарнама және т.б. мұның бәрі сыни ойлауды дамытуды және манипуляцияның құрбаны болмас үшін ақпаратты талдай білуді, эмоционалды берік болуды, толеранттылық пен сабырлылықты қажет етеді. Ал медиабілім үдерісінің манипуляция белгілерін тануға, ақпараттың дұрыстығын тексеруге, эмоциялар емес, фактілер негізінде өз пікірлерін қалыптастырудағы орны ерекше.

Демек, медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдылары мен цифрлық этикеттің интеграциясы студенттерді цифрлық дәуірдің қиындықтарына дайындау үшін маңызды. Аталмыш дағдыларды дамыту студенттерге цифрлық ортада құрметпен, жанашырлықпен қарауға және сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті, жауапты цифрлық-ақпараттық құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына көмектесе алады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге үлкен практикалық маңызы бар екенін атап өтеміз. Елдің болашағы жас ұрпақты ақпараттық қоғамдағы өмірге қаншалықты тиімді дайындай алатынымызбен тығыз байланысты. Медиабілім беру, өзін-өзі реттеу және цифрлық этикеттің өзара байланысын зерделеу, өскелең ұрпақты ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуге және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті үйлесімді дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген, тиімді бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу болжамы: егер медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикеттің теориялық негіздері айқындалып, оны жүзеге асырудың тиімді жолдары ұсынылса, онда болашақ мамандардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі артады.

Бұл мақаланың мақсаты – медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін фактор ретінде цифрлы этикеттің рөлі мен маңыздылығын айқындау, нақты стратегиялары мен жолдарын ұсыну.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Отандық және шетелдік ғылыми педагогикалық-психологиялық зерттеулерде «медиабілім беру», «өзін-өзі реттеу» және «цифрлық этикет» ұғымдарын түсінудің заманауи тәсілдерін талдау. Әр ұғымның маңызды аспектісі және олардың тақырыпты зерттеу шеңберіндегі байланысын айқындау.

- Цифрлық ортада болашақ маманды тиімді дамыту үшін өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытудың маңыздылығын негіздеу.

- Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикеттің рөлін ашу.

- Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикеттің ағымдағы күйін анықтау және талдау;
- Медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикетті оқытудың жолдарын ұсыну.

Әдебиетке шолу

Қарқынды дамып келе жатқан цифрлық кеңістікте медианың қолжетімділігі білімдегі теңдік, инклюзивтілік және білім демократиясы үшін маңызды мүмкіндіктер ашып, медианы қолдануды терең зерттеуді қажет етеді. Бұл эволюция адамдардың өмір сүруін, жұмыс істеуін, оқу мен оқыту тәсілдерін өзгертетін және қарым-қатынас мүмкіндіктерінің кең ауқымын қамтиды.

Бүгінде біз өмір сүріп жатқан әлем туралы білімнің басым бөлігіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (жанама) қол жеткізіледі және бұл үрдісте синхронды да, асинхронды да қашықтағы коммуникация маңызды рөл атқарады [1].

Медиа, коммуникация және білім саласының ғалымы, профессор D.Buckingham пікірінше «медиа туралы білім беру – медиа арқылы білім берудің қажетті алғышарты ретінде қарастырылуы керек. Егер интернетті, компьютерлік ойындарды немесе басқа цифрлық медианы оқыту үшін пайдаланғымыз келсе, білім алушыларды осы медианы түсіну және сынау арқылы қаруландыруымыз қажет. Оларды функционалды немесе аспаптық түрде пайдаланбай, жай ғана бейтарап ақпарат беру құралы ретінде қарастырылуы керектігін алға тартады [2].

Сонымен қатар автор дамып келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары бәрімізге қатысты екенін, яғни бүкіл қоғамымыз, саяси жүйеміз, экономикамыз, өнеріміз бен мәдениетіміз, кәсіби қызметтегі өміріміз, әлеуметтік және жақын қарым-қатынастарымыз медиа технологияларға толы жағдайға тез көшіп, барлығы дерлік делдал екенін атап өтеді [3].

Ал, D.Buckingham өзінің «The media education manifesto» («Медиа білім туралы манифест») еңбегінде медиа ортаның қиындықтарын жеңу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тұтынуда сыни көзқарас пен әрекет таныту, білім алушылардың ақпараттандырылған және жауапты тұтынушылары болуға дайындауда оқу бағдарламаларында медиасауаттылықты қосу, сондай-ақ медиасауаттылықты арттыру арқылы медиа мазмұнды тиімді түсіндіру мен құру үшін қажетті дағдыларды игеруге болатындығын және медиа білімнің маңыздылығын көрсетеді [4].

Медиа (байланыс құралдары) – қағаз, хабар тарату, кино және цифрлық тарату сияқты ақпаратты берудің физикалық құралдары мен тәсілдерін білдіреді [5].

Ресейлік медиапедагог А.В. Федоров «медиабілім беру – БАҚ-пен қарым-қатынас мәдениетін құру үшін шығармашылық, коммуникативтік, сыни ойлау қабілеттерін, толық түсіндіру дағдыларын, медиатекстерді талдау және бағалау, медиатеchnологияларды пайдалана отырып, өз бетінше білім алудың түрлі нысандарын үйренуде бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) қолдану және жеке тұлғаны дамыту процесі ретінде қарастырылады [6].

Отандық ғылыми зерттеуде медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытатын, ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ тұлғаның жеке дамуы мен әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтумен сипатталады [7].

Осылайша, медиабілім беру – цифрлық ортада адамдардың медиасауатты болуы, дәстүрлі және цифрлы медиа хабарламаларын, медиа мазмұндардың құрылымын, әдістері мен әсерін сыни тұрғыдан түсіну қабілеті деп қарастыруға болады.

Ал, медиабілім үдерісі – цифрлы-ақпараттық құзыреттілікті құрайтын дағдыларды дамыта отырып, түрлі мазмұндағы ақпараттармен жұмыс істеуді, өзара қарым-қатынас жасау және сауатты құрылған диалог жүргізуді, сенімді ақпарат көздерін табу мен мәліметтер алуды, сондай-ақ болашақ мамандардың медиа ортада өз көзқарастарын қорғауға дағдылануы мен кәсіби дайындық аясын кеңейту негізі ретінде анықтауға болады.

Медиабілім үдерісінің құраушысы цифрлық медиа бүгінде цифрлық технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылатын байланыс пен ақпаратты таратудың негізгі түріне айналып отыр. Бұған қолданыстағы интернет немесе басқа электрондық құрылғылар арқылы цифрлық түрде жасалған, таратылатын және тұтынылатын ақпараттарды жатқызамыз. Атап айтқанда цифрлық медиаға веб-сайттар, әлеуметтік медиа, блогтар, подкасттар, YouTube сынды платформалардағы бейнелер, сондай-ақ электронды кітаптар, онлайн газеттер мен журналдар сияқты дәстүрлі медианың цифрлық нұсқалары жатады.

Ал цифрлық медиа сауаттылығы дәстүрлі формалардан бастап жаңа цифрлық медиаға, соның ішінде компьютерлерге, интернетке, әлеуметтік желілерге және цифрлық ойындарға дейінгі цифрлық медианы сыни тұрғыдан қарастыруды білдіреді [8].

Соңғы жылдары жастардың цифрлық медианы пайдалануы мен әл-ауқаты арасындағы ықтимал байланыстарға көбірек көңіл бөлінуде. Жасөспірімдердің интернет желісінде қанша уақыт өткізетінін және оның психологиялық денсаулығына әсер ететінін ескере отырып, бұл мәселе назар аударуды қажет етеді [9].

Цифрлық әлемде медианың психологиялық денсаулыққа кері әсерінің алдын алу үшін, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту арқылы, цифрлық медиамен саналы және жағымды өзара әрекеттесу мүмкіндігі артады.

Өзін-өзі реттеу – адамдардың мінез-құлқын, оқуын және өнімділігін басқару қабілетін қамтиды [10]. Сондай-ақ, өзін-өзі реттеу – бұл таным үдерістерімен қатар, тұлғалық мінез-құлық, эмоция мен іс-әрекеттерін басқару болса, ал реттеу – өзіндік ойлар мен ішкі уайымдарды және мінез-құлықты басқару болып табылады. Бұл тұлғаның тұтас психикалық құралы, соның көмегімен адам өзіндік белсенділігін басқарып отырады [11].

АРА психология сөздігінде «Өзін-өзі реттеу – бұл өзін-өзі бақылау (мінез-құлық жазбаларын жүргізу), өзін-өзі бағалау (өзін-өзі бақылау барысында алынған ақпаратты бағалау) және өзін-өзі нығайту (тиісті мінез-құлық үшін немесе мақсатқа жету үшін өзін-өзі марапаттау) арқылы өз мінез-құлқын бақылау», – делінген [12].

Студенттердің оқу ортасында өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуының маңыздылығы іс-әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін жеке мақсатқа жетуге, басқаруға, жүйелеуге, ұйымдастыруға, бақылауға, жоспарлауға және бағалауға бағытталған іс-әрекеттерінен тұратын өзін-өзі көрсету үдерісімен айқындалып, жеке оқулары үшін рефлексивті, саналы және белсенді әрекет етулерін қажет етеді [13].

N. Johnson өзін-өзі реттейтін оқытуды үш негізгі компонентке бөліп қарастырады: таным (ақпаратты кодтау, есте сақтау және еске түсіру үшін қажетті дағдылар), метатану (білім алушыларға өздерінің танымдық процестерін түсінуге және бақылауға мүмкіндік беретін дағдылар) және мотивация (когнитивтік және метакогнитивтік дағдыларды пайдалануға және дамытуға әсер ететін сенімдер мен қатынастар) [14].

M. Daumiller және M. Dresel өз зерттеулерінде цифрлық медианы қолдана отырып, білім алушылар өзін-өзі реттеудің жеткіліксіздігіне байланысты жиі қиындықтарға тап болатындығын және өзін-өзі реттеп отыратын, мотивациялық реттеуші кеңестердің түрлерін қарастырады. Сонымен қатар, мотивациялық реттеуші кеңестер цифрлық медианы пайдалана отырып, өзін-өзі реттеу дағдыларын (SRL-ді) қолдау үшін, тиімді тірек болуы мүмкін екенін көрсетеді [15].

U. Matzat, E. M. Vrieling ғылыми еңбегінде әлеуметтік медианы пайдалану өзін-өзі реттейтін оқытумен (SRL) «табиғи түрде байланысты» болады деген идеяны тексеріп, нәтижесінде SRL-ді жеңілдету үшін әлеуметтік медианы шектеулі пайдалану білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпейтіндігін анықтаған [16].

E. Nababan және авторлық ұжым анимациялық бейнематериалдардың тиімділігі дәстүрлі кеңістік пен уақыт шекараларын еңсере отырып, қызықты, вербалды емес қарым-қатынас әдістері арқылы оңтайлы оқу ортасын құру – өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға және өзін-өзі реттейтін оқытуға ықпал ете алатындығы зерттеген [17]. Ал, M. Orfermann және т.б. ғалымдар ұсынған еңбекте метакогнитивті және өзін-өзі реттеу дағдылары гипермедида сәтті оқытудың алғышарттары мен нәтижелері болып табылатындығы талқыланып, гипермедиялық ортада жұмыс істеуге кіріспес бұрын қандай да бір басшылық немесе оқыту қажет болуы мүмкін деген болжам беріледі [18].

S. Koçdar зерттеуінде өзін-өзі реттеу дағдылары студенттердің дәстүрлі жағдайларға қарағанда көбірек тәуелсіздігі мен жауапкершілігі бар онлайн оқу ортасында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Сонымен қатар өзін-өзі реттеу – үйренуге болатын дағды екендігі және оқытушылардың білім алушыларға осы дағдыларды тиімді дамытуға көмектесетін түрлі стратегиялар мен құралдарды пайдалану мүмкіндігі туралы айтылады [19].

Алайда, тақырып аясындағы зерттелген отандық және шетелдік еңбектерге талдау жасай келе, медиабілімнің қарастыратын зерттеу аймақтарын және өзін-өзі реттеуге бағытталған жекелеген зерттеу жұмыстары болғанымен, медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытудағы цифрлық этикеттің рөліне бағытталған ғылыми еңбектердің кездеспейтіндігін көрсетті. Бұл қазіргі қоғамның кәсіби мамандарды дайындау деңгейіне қоятын талаптарының өсуі мен медиабілім үдерісінде түлектердің өзін-өзі реттеу деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтарды,

болашақ мамандардың жеке және кәсіби дағдыларын дамытуда цифрлық этикеттің рөлі мен мүмкіндіктерін анықтауға әкеледі.

Бүгінгі медиа ортада болашақ мамандарды тиімді дамыту – өзін-өзі реттеу дағдыларымен тығыз байланысты екенін көрсетіп отыр. Бұл цифрлық дәуір ұсынатын мүмкіндіктер мен сын-қатерлер, дербестік пен бейімделуге негізделген.

Ең алдымен цифрлық кеңістік өзінің көлемі мен жылдамдығы, ақпараттың тұрақты ағынымен ерекшеленіп, болашақ маманнан ақпаратты сүзгіден өткізуді, басымдықтарды анықтай білуді және сыни бағалау үшін өзін-өзі реттеу дағдыларын игеруді талап етеді. Бұл танымдық жүктемені болдырмай, орынды шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп, жалған ақпараттар мен манипуляция, ақпараттың пассивті тұтынушысы болудың алдын алады.

Цифрлық ортадағы жұмыс пен демалыс арасындағы шекараның бұзылуы, адамдардың желіге тұрақты қосылуымен байланысын білдіреді. Бұл орайда уақытты тиімді басқару, міндеттерге басымдық беру, зейінді шоғырландыру және алаңдаушылықты болдырмау үшін, өзін-өзі реттеу арқылы өнімділікті арттыру, кәсіби жанудан, жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдіктің бұзылу қаупін алдын алуға мән беру маңызды. Сондай-ақ, цифрлық ортаның бірлескен және өзара байланысты әлеуметтік динамикасы, асинхронды, синхронды және географиялық алшақтыққа қарамастан желідегі шарлау мүмкіндігі, тиімді дамыған өзін-өзі реттеу дағдыларын қажет етеді. Яғни, өзара түсініспеушіліктің пайда болуы, ақпарат пен мәліметті қате түсіндіру мен түсіну, кәсіби қатынастардағы шиеленіс және т.б. сияқты жағымсыз салдарды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту арқылы алдын алып, цифрлық кеңістіктегі оңтайлы байланыс пен нәтижелі ынтымақтастық орнатып, жанжалдарды сындарлы шешуді жүзеге асыруға болады.

Бұдан басқа, өзін-өзі реттеу қабілеті жоғары дамыған студенттер – оқу мақсаттарын қоюға, оқу үдерісін жүйелі ұйымдастыруға, кері байланысты іздеуге және жаңа технологиялармен жұмыс әдістерін қолдануда икемді және жақсы бейімделген болады. Білім алу үдерісінде өзін-өзі реттеуге деген қабілеттілік тез өзгеріп отыратын цифрлық ортада бәсекеге қабілеттілік пен өзектілік мәнге ие.

Осылайша, болашақ мамандар үшін цифрлық ортада өзін-өзі реттеу қабілеті қазіргі ақпараттық қоғамдағы табысты кәсіби және жеке іс-әрекеттің негізгі дағдысына айналады. Сондай-ақ, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, цифрлық ортада тиімді және қауіпсіз өзара әрекеттесуде айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Қарым-қатынаста өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикетті қолдану оң іс-әрекетті дамытып, цифрлық коммуникацияларындағы түсініспеушіліктерді азайтуға, сенімділікті арттыруға және үйлесімді тепе-теңдікке ықпал етеді.

Цифрлық этикет онлайн ортада сыйластық және жауапты қарым-қатынас ережелерін басшылыққа ала отырып, өзін-өзі реттеу дағдыларымен ұштасқанда, болашақ мамандардың өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын басқару қабілеттерін коммуникацияда тиімді қолдануға жол ашады.

Цифрлық этикет – бұл жаңа ақпараттық шындықтағы коммуникативті мәдениет ережелерін анықтайтын этикеттің жаңа түрі. Сонымен қатар, интернет желісінің

виртуалды кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетінің ережелері, қазіргі қоғамның нақты және виртуалды болмысының өзара әрекеттесуіндегі мінез-құлық мәдениетінің ережелері [20].

Кәсіби және цифрлық этикет мәселесін зерттеуші, профессор Р.И.Мамина цифрлық этикет қазіргі қоғамның виртуалды кеңістігіндегі нормативтік-этикалық реттеудің жаңа құралы ретінде де, жаңа өркениеттің жаңа әлеуметтік-мәдени құбылысы ретінде де, цифрлық ортада осы құбылысты зерттейтін қазіргі білімнің әртүрлі салаларының интеграциясы болып табылатын цифрлық гуманитарлық бағыттардың бірі ретінде де қарастырылатындығын атап өтеді [21]. Ал Г.В. Валеева зерттеуінде цифрлық этикет – Web 3.0 буынының ғаламдық Internet желісінде пайда болатын этикеттік коммуникацияның жаңа түрі және Phygital виртуалды кеңістігін құрайтын заманауи цифрлық технологияларды пайдаланумен байланысты салаларда тиімді коммуникация мүмкіндігін қамтамасыз ететіндігімен сипаттайды [22].

Жалпы цифрлық этикет адамдардың өзара цифрлық ортадағы әрекеттесуі мен байланысын реттейтін мінез-құлық ережелері мен нормаларының жиынтығы ретінде анықталады. Сондай-ақ, интернет кеңістіктің ерекшеліктеріне бейімделген дәстүрлі этикеттің өзіндік аналогы ретінде де қарастыруға болады.

Цифрлық этикет әлеуметтік медиа, электрондық пошта, хабар алмасу қолданбалары және онлайн форумдар сияқты цифрлық платформаларда басқалармен қарым-қатынас жасау кезінде құрмет, сыйластық пен сыйластық, жауапкершілік, желідегі байланыс мәдениеті, жеке ақпаратты қорғау, жауапты мінез-құлық және т.б. көптеген аспектілерді қамтиды. Сондай-ақ, тіл мен дауыс екінін дұрыс қолдану, басқа адамдардың жеке өмірін құрметтеу, дереккөздерге дәл сілтеме жасау, кибербуллингтен немесе қудалаудан аулақ болу, желіде онлайн болуына саналы түрде қадағалау жасау кіреді.

Ал медиабілім үдерісінде еркін бағдарлану мен шарлау үшін қажетті өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикеттің маңыздылығы мен қажеттілігі артады.

Ең алдымен цифрлық этикет желідегі саналы өзара әрекеттесуге ықпал ететіндігін қарастырсақ, ол өзара сыйластыққа құрылған жауаптар жазу және шатастыру, арандатушылық мәлімдемелерден аулақ болуға, желідегі әрекеттер алдында ойлануға және ықтимал әсерін ескеруге шақырады. Бұл саналы түрде өзін-өзі бақылау мен желідегі мінез-құлық реттеу әрекеттеріне негізделген өзін-өзі реттеу дағдыларын құрайды.

Цифрлық этикеттің келесі маңыздылығы желідегі әртүрлі көзқарастар мен құпиялылықты құрметтеуінде. Яғни, эмоционалды реакцияларды басқару мен игеру, сындарлы диалог жүргізу, дөрекі және орынсыз әрекеттерден аулақ болу үшін өзін-өзі бақылау, интернеттегі жеке өмірді құрметтеу мен цифрлық гигиенаны сақтау қажеттілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, цифрлық этикет авторлық құқықты сақтау мен академиялық адалдық, дереккөздерді көрсету, плагиатқа жол бермеу, цифрлық ортада жауапкершілік танытуға ынталандырады.

Демек, цифрлық этикет өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мен нығайтудың практикалық негізі ретінде қызмет ететінін атап өткен жөн. Жоғарыда аталған аспектілерді меңгеру мен практикада қолдану арқылы болашақ мамандар медиабілім үдерісінде жауапкершілікпен, сыйластықпен және оңтайлы әрекеттерге мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерін дамытады. Сондай-ақ, цифрлық этикет өзін-өзі реттеу

дағдыларын дамытудың маңызды құралы ретінде қызмет етіп, студенттерге цифрлық кеңістіктерді сәтті шарлау үшін қажетті өзін-өзі тануды, тәртіпті, эмоционалды тұрақтылықты дамытуды және басқаруды қолдайды. Бұл студенттердің жеке және оқу тәжірибесін арттырып қана қоймай, оларды жаһандық кезеңнің сұраныстарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті мамандарға айналдырады.

Зерттеу әдістері

Ұсынылған мақалада зерттеу мәселесі бойынша теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді зерделеу, салыстыру, талдау, жинақтау) және эмпирикалық (сауалнама, диагностикалау, сараптамалық бағалау) әдістері қолданылады. Медиабілім үдерісінде болашақ мамандардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикетті қолданудың өзектілігі айқындалады. Студенттердің цифрлық кеңістікте өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикет рөлінің ағымдағы жағдайды анықтау мақсатында арнайы құрылған сауалнама жүргізіліп, нәтижелері талданады. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикетті оқытудың жолдары ұсынылады.

Талқылау және нәтижелер

Студенттердің медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикет рөлінің ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында арнайы құрылған сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 1-4 курстан жалпы саны 669 білім алушы қатысты. Оның ішінде әр түрлі мамандықтар – 579 студент (86,4%), педагогика және психология білім беру бағдарламасынан – 90 студентті (13,5%) құрайды.

Сұрақтар Google Forms онлайн тестілеу мен мәліметтер жинауға арналған платформаға салынып, онлайн форматта анонимді түрде жүргізілді.

Сауалнама құру барысында студенттердің цифрлық медиа құралдарын пайдалану деңгейін, оның пайдасы мен зияны туралы ойларын, медиа чаттарда өзін жайлы және ыңғайлы сезінулерін, әлеуметтік медианың психологиялық денсаулық пен моральды жағдайға әсерін, цифрлық ортада қауіпсіздікті сақтауын, цифрлық этикет ережелері мен мүмкіндіктерін білу деңгейін анықтауға арналған сұрақтарды қамтыды.

Алынған жауаптарды талдау нәтижесіне сәйкес, «Сіз қандай платформалар мен әлеуметтік медианы жиі пайдаланасыз?» сұрағына респонденттер: электронды пошта – 27,7%, әлеуметтік желі: Facebook, Instagram, Twitter, LinkedIn және т.б. – 65%, мессенджерлер: WhatsApp, Telegram, Viber және т.б. – 86,4 %, бейнеконференция: Zoom, Microsoft Teams және Google Meet, OES вебинарлары және т.б. – 29,7%, білім беру және оқыту сайттарының форумдары мен чат платформалары: Platonus, LMS Moodle және т.б. – 37,1%, виртуалды дауыс көмекшілері: Apple Siri, Google Assistant, Amazon Alexa және т.б. – 12,1% көрсеткіште жауап берді. Сауалнама нәтижесінен қатысушылар әлеуметтік медианың белсенді қолданушылары екенін көреміз (сурет 1).



Сурет 1. Студенттер ортасында ең көп қолданатын платформалар мен әлеуметтік медиа бойынша деректердің пайыздық арақатынасы

Ескерту: сауалнама деректері негізінде жасалған

Сауалнаманың «Жоғарыда аталған медиа құралдарының қайсысы пайдалы деп санайсыз?» сұрағына респонденттердің басым бөлігі әлеуметтік желі мен мессенджерлер – 41,3%, білім беру және оқыту сайттарының форумдары мен чат платформалары және электронды пошта – 37,5%, бейнеконференция мен виртуалды дауыс көмекшілері – 21,2% көрсеткішті белгілеген. Бұл білім алушылардың жеке және оқу мақсатында цифрлық ортада медиа құралдардың мүмкіндіктерін пайдаланатынын білдіреді.

Ал «Жоғарыда аталған медиа құралдарының қайсысы зиянды деп санайсыз?» сұрағына 78,7% – әлеуметтік желі мен мессенджерлер зияндығын басым деп көрсетсе, 14,1% – виртуалды дауыс көмекшілері, 3,3% – электронды пошта, 2,7% – бейнеконференция, 1,2% – білім беру және оқыту сайттарының форумдары мен чат платформалары ретінде көрсеткен. Демек жоғары пайыздық көрсеткіштегі әлеуметтік желі мен мессенджерлерді студенттер қаншалықты пайдалы болса, соншалықты зиянды болу мүмкін екенін жоққа шығармайтынын аңғарамыз.

Келесі «Жоғарыда аталған медиа құралдарының қайсысы сіздің коммуникативті құзыреттілігіңізді дамытады?» сұрағына респонденттердің жауаптары келесі пайыздық көрсеткіште болды: әлеуметтік желі – 33,1%, білім беру және оқыту сайттарының форумдары мен чат платформалары – 19,2%, мессенджерлер – 18,6%, бейнеконференция – 17,1%, виртуалды дауыс көмекшілері – 8,4%, электронды пошта – 3,6%. Көріп отырғанымыздай студенттердің басым бөлігі коммуникативті құзыреттілікке әлеуметтік желі, мессенджерлер, бейнеконференция мен білім беру, оқыту сайттарының форумдарының ықпалы жоғары екенін белгілеген.

Сауалнамадағы «Қандай медиа чаттарда сіз өзіңізді жайлы сезінесіз және өз пікіріңізді еркін жеткізе аласыз?» сұрағына 36,7% – студенттік, 39,2% – қызығушылыққа байланысты, 10,3% – ақпараттық және білім беру, 8,5% – оқытушылар мен студенттердің бірлескен, 5,3% – волонтерлік немесе әлеуметтік-белсенділік чаты деп жауап берілген. Демек, студенттер жеке және кәсіби қызығушылыққа байланысты чаттарда өздерін

ыңғайлы сезінетінін көреміз. Ал білім беру және оқытушылар мен студенттердің өзара қызметі бағытындағы чаттарда білім алушылар өздерін еркін және ыңғайлы сезінуі аз екенін байқауға болады. Ең төмен ыңғайлық волонтерлік, әлеуметтік-белсенділік чаттарынан анықталды.

«Сіздің психологиялық денсаулығыңызға әлеуметтік медианың тигізетін зиянының түрлері қандай?» сұрағына респонденттердің көпшілігі елемей – 46,8%, қорлау – 18,7%, қатігездік – 16%, қорқыту – 14,4%, шантаж – 4,1 % деген көрсеткіш берді. Бұндағы елемей көрсеткішінің жоғары болуы көңілсіздік, реніш және тітіркенуді туындатып, студенттердің психологиялық денсаулығына әсер етеді. Яғни студенттердің өзін-өзі реттеуі мен бағалауы, мотивациясына ықпал етіп, академиялық өнімділігі мен нәтижелерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Студенттердің тиімді оқуы мен дамуы үшін білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы өзара ізгілік, құрмет және цифрлық этикаға ұмтылыс болуы маңызды.

Ал респонденттер «Әлеуметтік медианың моральды жағдайға әсер ететін қауіп-қатерлері қандай?» сұрағына әділетсіздік пен нақтылықтың жоқтығы-42,3%, әдепсіздік – 29,5%, кәсібиліктің жоқтығы – 28,2% деп көрсеткен. Яғни әдепсіздік пен кәсіби емес қауіп-қатерлер бірдей шамада қарастырылғаны, болашақ мамандардың өзін-өзі реттеу негізінде цифрлық этикетте баса мән беру қажеттілігін арттырады.

Келесі «Медиабілім үдерісінде қандай қауіпсіздік шарасын қолданасыз?» сұрағына: дербес деректерді қорғауды қолдану (күрделі құпия сөз, деректердің сақтық көшірмесі, қауіпсіз байланыс) – 28,1%, ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау – 27%, арнайы бағдарламалық құралдар қолдану (спам, антивирус, зиянды қауіп-қатерлерден қорғау бағдарламалары) – 23,3%, компьютерді кілтпен жабу – 14,3%, ақпараттық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес бұлтты қолдану – 7,3% (сурет 2).



Сурет 2. ЖОО-ның студенттерінің өз тәжірибелерінде қолданатын қауіпсіздік шаралары бойынша деректерінің пайыздық көрсеткіші

Ескерту: сауалнама деректері негізінде жасалған

Осылайша, студенттердің басым бөлігі ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтайтындығын және дербес деректерді қорғау, күрделі құпия сөз, деректердің сақтық көшірмесін жасау, қауіпсіз байланыстар, сенімділігі мен көрнекі визуализациясымен сипатталатын басқа да шараларды қолданатынын байқаймыз. Яғни болашақ маманның жеке және кәсіби қызметінде цифрлық және ақпараттық қауіпсіздік шараларын ұстануы бүгінгі күні кездесетін цифрлық кеңістіктегі алаяқтық, кибербуллингтің алдын алуға көмектеседі.

Студенттердің цифрлық кеңістікте этикалық қарым-қатынас ережелері мен нормаларын қолдану деңгейіне байланысты берген жауабында: иә, әрқашан – 19%, көбінесе – 43%, қалағанымынан азырақ – 28%, ешқашан – 10% көрсеткіш шықты. Бұл жерде болашақ мамандардың цифрлық этикеттің ережелері мен нормаларын барынша ұстанатындықтарын көреміз.

Ал «Цифрлық этикет ережелерін сақтау адамнан өзін-өзі бақылауды талап етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағына келесідей пайыздық көрсеткіштегі жауаптар алынды: өзін-өзі бақылау этикетті ұстанумен сенімді түрде бірге жүреді – 27%, этикетті сақтау үшін өзін-өзі бақылау маңызды деп санаймын – 32%, бұл мәселе бойынша нақты ұстанымым жоқ – 19%, өзін-өзі бақылау этикетті сақтауда маңызды рөл атқармайды деп санаймын – 13%, этикет өзін-өзі бақылаумен байланысты емес екеніне сенімдімін – 9%. Алынған жауаптардың нәтижесінде цифрлық этикет ережелерін сақтауда өзін-өзі бақылаудың маңыздылығының басымдығы көрсетілген.

«Сіздің ойыңызша, этикет ережелерін білу адамдарға желідегі уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі ме?» деген сұраққа респонденттер: этикет туралы білім желідегі тиімді уақытты басқарумен тікелей байланысты – 29%, этикет желіде саналы түрде болуды қамтамасыз етеді – 48%, этикет пен желідегі уақытты пайдалану арасындағы нақты байланысты жоқ – 12%, этикетті білу желіде өткізілетін уақытқа әсер ететініне күмәнданамын – 11% жауаптар берді. Демек респонденттер үшін цифрлық этикет ережелерін білу желідегі уақытты тиімді пайдаланумен байланысты және өзара ықпалы жоғары екенімен аңғарамыз.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде бірқатар қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, студенттер арасында әртүрлі цифрлық медиа құралдары белсенді түрде кеңінен қолданылатыны назар аудартады. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер және білім беру, оқыту платформалары сауалнамаға қатысқандардың көпшілігінің күнделікті өмірі мен оқу қызметіне берік кіргенін көрсетті. Бұл біздің өміріміздің барлық салаларында цифрлық технологиялардың терең дамуын байқатады.

Екіншіден, сауалнама нәтижелері респонденттердің цифрлық ортада мүмкіндігінше қауіпсіздікті сақтайтындарын және цифрлық этикет ережелері мен нормаларының маңыздылығын ескеретінін аңғартты. Ол өз кезегінде медиабілім үдерісінде жауапты мінез-құлық мәдениетіне әкеледі.

Сонымен қатар, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикеттің нормаларын білуде және практикалық қолдануда кейбір олқылықтар анықталды. Бұл қосымша білім беру жұмысын ұйымдастыру мен медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикет ережелері мен нормаларын оқытудың қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының бүгінгі таңдағы өзектілігін, тақырып аясындағы отандық және шетелдік зерттеулер мен студенттерден алынған арнайы сауалнама нәтижелерін талдай отырып, келесі нұсқалық ұсыныстар қатарын қарастырамыз:

– Білім беру бағдарламаларына арналған «Цифрлық этикет» арнайы курсы енгізу. Курс негізінде білім алушыларға цифрлық этикет негіздері, ережелері мен нормалары, түрлері мен принциптері; өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытудағы цифрлық этикеттің рөлі; психологиялық денсаулыққа цифрлық ортаның әсері; цифрлық этикет - ақпараттық құзыреттіліктің құраушысы ретінде және т.б. тақырыптар.

– Білім беру бағдарламаларында оқытылатын «Медиапедагогика», «Цифрлық педагогика», «Медиатеchnология негіздері», «Киберпедагогика», «Медиапедагогика және медиапсихология», «Цифрлық технологияларды салалар бойынша қолдану», «Мектепке дейінгі ұйымдардағы медиабілім» және т.б. таңдау пәндерінің мазмұнына «Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту құралы ретінде цифрлық этикеттің рөлі» тақырыбын қосу.

– ЖОО-да психологиялық қолдау орталығының іс-шаралар жоспарына «Медиа орта – цифрлық этикет – өзін-өзі реттеу» тақырыбында тренинг бағдарламасын енгізу.

– Университеттің студенттермен жұмыс орталығы, тәрбие жұмысы бөлімі, студенттік парламент, жастар саясаты орталықтарының ұйымдастыруымен интерактивті семинарлар мен мастер-кластар циклі «Әлеуметтік желілердегі жақсы реңк ережелері», «Цифрлық әлемдегі қауіпсіздік», «Қашықтан жұмыс істеу және онлайн оқыту этикеті»; «Этикетті сақтаудың үздік тәжірибелері», «Цифрлық этикеттің психологиялық денсаулыққа әсері» студенттік жобалар байқауы; «Цифрлық әлем студенттердің көзімен» фотокөрмесі; Пікірталас клубында «Цифрлық этикет перспективалары» тақырыбын талқылау; Қатысушылар әлеуметтік желілерде өздерінің жауапты онлайн мінез-құлқы мен әрекеттерінің үлгісін жасайтын «Этикалық цифрлық із» онлайн-челленджі; Этикеттің негізгі ережелерін қол жетімді және әзіл-оспақ түрінде көрсететін қысқа комикстер жасаудан «Комикстердегі цифрлық этикет» шығармашылық байқауы және т.б. өткізу.

Осылайша, медиабілім үдерісінде студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикеттің рөлін айқындайтын бірқатар мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады. Өзін-өзі бақылау, бағалау, түзету, мақсат қою сияқты өзін-өзі реттеудің аспектілерін дамытуда – цифрлық этикет негіздері болашақ маманға өзін, мінез-құлқын, іс-әрекетін және алға қойған мақсаттарына жетуді тиімдірек басқаруға ықпал етеді.

Қорытынды

Зерттеу тақырыбымызды қорытындылайтын болсақ, аталмыш мақалада отандық және шетелдік ғылыми зерттеулердегі «медиабілім беру», «өзін-өзі реттеу» және «цифрлық этикет» ұғымдарының мәні мен маңызды аспектілері айқындалып, өзара байланысына талдау жасалды. Цифрлық ортада студенттерді тиімді дамыту үшін өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытудың өзектілігі негізделіп, цифрлық этикеттің рөлі ашылды. Білім алушыларға зерттеу тақырыбы аясында арнайы құрылған сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне талдау жасалып, авторлар тарапынан медиабілім үдерісінде өзін-

өзі реттеу дағдыларын дамытуда цифрлық этикетті меңгертудің жолдарына негізделген ұсыныстар қатары берілді.

Біз этикет ережелерін сақтау мен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, соның ішінде импульсивті мінез-құлықты бақылау, уақытты басқару, сыни ойлау, психологиялық және эмоционалды өзін-өзі реттеу негізінде маңызды байланыстарды анықтауға мән бердік. Алынған нәтижелерді талдауымыз, цифрлық этикет ережелерін білу студенттер арасында өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытудың алғышарты екенін аңғартты. Ал этикет ережелерін белсенді ұстанған респонденттер онлайн ортада өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейін көрсетті.

Бүгінгі ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жылдам жаңаруы тұсында өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту бастауыштан жоғары білімге дейінгі кез келген оқу бағдарламасының негізгі тіректерінің бірі болуы керек деген ойдамыз.

Цифрлық этикетті білім беру бағдарламаларына интеграциялау және оның цифрлық кеңістіктегі маңыздылығын насихаттау, болашақ мамандардың медиабілім үдерісінде өзін-өзі реттеуін, цифрлық-ақпараттық құралдарды пайдаланудағы мәдениеттілігін дамытып, кәсіби құзыретті маман болуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл зерттеудің нәтижелері студенттердің цифрлық ортада өзін-өзі реттеу және жауапты мінез-құлық дағдыларын ынталандыруға бағытталған медиабілім берудің теориясы мен практикасын жетілдіре отырып, қазіргі ақпараттық қоғамда сәтті әлеуметтенуі мен өзін-өзі жүзеге асыруының шарты болып табылады.

Алғыс. Бұл мақала АР19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Жоба бойынша диагностика жүргізуде қолдау көрсеткені үшін психология ғылымдарының докторы, профессор Изакова Айжан Тендиқовнаға алғыс білдіреміз.

Авторлардың қосқан үлесі

Сейітқазы П.Б. – жоба жетекшісі ретінде ғылыми мақала тақырыбын нақтылап, зерттеудің логикалық құрылымын жүйеледі. Мақаланың соңғы нұсқасын бекітті.

Четил М. – докторанттардың зерттеу жұмысындағы медиабілім және өзін-өзі реттеу негіздері бойынша ғылыми-әдістемелік кеңес берді.

Ырымбаева Н.А. – мақаланың аннотация, теориялық бөлімін, талдау, қорытынды бөлімін жазды. Сауалнама диаграммаларын жасап, мақаланың техникалық талаптарын орындауды жүзеге асырды.

Кулдашева Н.У. – зерттеу жұмысына сәйкес өзін-өзі реттеу ұғымын талдап, мақаланың толық мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарады. Студенттерге арналған арнайы сауалнаманы жүргізуде үлес қосты.

Сүлейменова Ж.Т. – мақаладағы цифрлық этикетке байланысты мәліметтер мен сауалнама сұрақтарын жүйеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Capucci P.L. Media education, education and media // *Limina*. – 2012. – n.2. – P. 92-98
2. Buckingham D. Defining digital literacy - What do young people need to know about digital media? // *Nordic Journal of Digital Literacy*. – 2015. – Vol. 10. – P.21-35. DOI: <https://doi.org/10.18261/ISSN1891-943X-2015-Jubileumsnummer-03>
3. Buckingham D. Epilogue: Rethinking digital literacy: Media education in the age of digital capitalism // *Digital Education Review*. – 2020. – n. 37. – P. 230-239.
4. Buckingham D. *The Media Education Manifesto*. – Polity Press: Cambridge. – 2019. – 128 p.
5. Мыслите критически, кликайте с умом! учебная программа ЮНЕСКО по медийной и информационной грамотности для педагогов и учащихся. – ЮНЕСКО: Франция. – 2021. – 484 с.
6. Fedorov A. Media literacy education. – Moscow: ICO "Information for All". – 2015. – 577 p.
7. Сейітқазы П.Б. Шетелдік медиабілім тәжірибесін талдау // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2011. – 1 (80). [Электрондық ресурс] – URL: <http://dspace.enp.kz/handle/123456789/80> (жүгінген күні: 11.08.2024)
8. Eyal K., Te'eni-Harari T. Systematic review: Characteristics and outcomes of in-school digital media literacy interventions, 2010-2021 // *Journal of Children and Media*. – 2023. – Vol.18(1). – P. 8-28. DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2023.2265510>
9. Stern S., Moran K. Teens and digital media: How do we move toward productive public discourse? // *Journal of Children and Media*. – 2024. – Vol. 18(1). – P. 1-7. DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2024.2302257>
10. Gökteke Z., Ocak G. The concept of self-regulation and its place and importance in educational sciences // *European Journal of Education Studies*. – 2024. – Vol. 11 (1). – P.159-168. DOI: <http://dx.doi.org/10.46827/ejes.v11i1.5160>
11. Лебедева О.В., Повshedная Ф.В., Карабущенко Н.Б. Возможности развития саморегуляции студента – будущего педагога в условиях современного педагогического вуза // *Вестник Минского университета*. – 2016. – №2. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.minin-vestnik.ru/jour/article/view/217/218> (дата обращения: 18.08.2024).
12. American Psychological Association. APA Dictionary of Psychology. [Electronic resource] – URL: <https://dictionary.apa.org/self-regulation> (accessed: 25.08.2024).
13. Almoslamani Y. The relationship between self-regulation learning and online learning adoption // *Cypriot Journal of Educational Sciences*. – 2022. – Vol. 17(6). – P.2117-2126.
14. Johnson N. Examining self regulated learning in relation to certain selected variables // *Acta Didactica Napocensia*. – 2012. – Vol. 5(3). – P.1-12.
15. Daumiller M., Dresel, M. Supporting self-regulated learning with digital media using motivational regulation and metacognitive prompts // *The Journal of Experimental Education*. – 2018. – Vol. 87(1). – P.161-176. DOI: <https://doi.org/10.1080/00220973.2018.1448744>
16. Matzat U., Vrieling, E. M. Self-regulated learning and social media – a 'natural alliance'? Evidence on students' self-regulation of learning, social media use, and student-teacher relationship // *Learning, Media and Technology*. – 2015. – Vol. 41(1). – P. 73-99. DOI: <https://doi.org/10.1080/17439884.2015.1064953>
17. Nababan E., Sirait M., Siregar N. The Effectiveness of Animated Video Media to Improve Self-Efficacy and Self-Regulated Learning // *Proceedings of the 7th Annual International Seminar on Transformative*

Education and Educational Leadership, AISTEEL –2022. – Medan, Indonesia, 2022. DOI: <http://dx.doi.org/10.4108/eai.20-9-2022.2324803>

18. Opfermann M., Scheiter K., Gerjets P., Schmeck A. Hypermedia and self-regulation: an interplay in both directions. International Handbook of metacognition and learning technologies. Springer international handbooks of education/ In: Azevedo, R., Aleven, V. (eds). – Springer, New York, 2013. – Vol 28. – P 129–141. DOI: https://doi.org/10.1007/978-1-4419-5546-3_9

19. Koçdar S. Çevrimiçi ortamlarda öğrenenlerin öz-yönetim becerilerinin geliştirilmesinde kullanılan stratejiler ve araçlar // Açıköğretim Uygulamaları ve Araştırmaları Dergisi. –2015. – Vol. 1 (1). – P. 39-55.

20. Мамина Р.И., Елькина Е.Е. Сетевое общество и его реалии: цифровой этикет // Дискурс. – 2019. – Т.5. №2. – С. 24-34. DOI: <https://doi.org/10.32603/2412-8562-2019-5-2-24-34>

21. Мамина Р.И., Почебут С.Н. Цифровой этикет и его специфика: философско-методологический аспект // Дискурс. – 2021. – Т.7. №2. – С. 16-27. DOI: <https://doi.org/10.32603/2412-8562-2021-7-2-16-27>

22. Валеева Г.В. Цифровой этикет в виртуальном образовательном пространстве университета // Гуманитарные ведомости ТГПУ им. Л.Н. Толстого. – 2023. – № 3. – С. 104-115. [Электронный ресурс] – URL: <https://e.lanbook.com/journal/issue/331331> (дата обращения: 17.08.2024).

П.Б. Сейтказы¹, М. Читил², Н.А. Ырымбаева³, Н.У. Кулдашева⁴, Ж.Т. Сулейменова⁵

^{1,3,4,5}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Университет Гази, Анкара, Турция

Развитие навыков саморегуляции в процессе медиаобразования: роль цифрового этикета

Аннотация. В современном цифровом мире медиаобразование становится необходимым аспектом развития будущего специалиста. Развитие навыков саморегуляции у студентов в процессе медиаобразования важно для контроля импульсивного поведения, эффективной организации времени, критического мышления, а также для умения управлять своими эмоциями и деятельностью в цифровом пространстве. Таким образом, цифровой этикет, будучи набором правил и норм, регулирующих поведение в интернете, включает в себя уважение к другим, безопасность, избегание оскорбительных и агрессивных действий, а также соблюдение интеллектуальной собственности и права на конфиденциальность.

В предлагаемой статье исследуется взаимосвязь между навыками саморегуляции и цифровым этикетом в процессе медиаобразования, а также описывается влияние этих аспектов на развитие личностных и профессиональных компетенций студентов.

Исследовательская работа организована в рамках грантового проекта AP19679344 «Изучение научно-методических основ формирования сетевой коммуникативной культуры и цифрового этикета преподавателей и студентов в вузе» и охватывает 669 респондентов. Опрос основан на выявлении мнения студентов о цифровых медиа, влиянии использования интернета на эмоциональные и психологические состояния, знании правил и возможностей цифрового этикета.

Результаты опроса показали, что студенты, по возможности, учитывают безопасность в цифровой среде и важность правил цифрового этикета. Однако были выявлены некоторые пробелы в практическом применении цифрового этикета как средства развития навыков саморегуляции, что указывает на необходимость дальнейших исследований.

На основе теоретических данных исследования и результатов анкетирования авторами предложены пути реализации цифрового этикета в развитии навыков саморегуляции студентов в процессе медиаобразования.

Ключевые слова: медиаобразование, процесс медиаобразования, саморегуляция, цифровой этикет, психологическое здоровье, цифровые медиа.

P.B. Seiitkazy¹, M. Çitil², N.A. Yrymbayeva³, N.U. Kuldasheva⁴, J.T. Suleimenova⁵

^{1,3,4,5}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, Turkey

Developing self-regulation skills in the process of media education: the role of digital etiquette

Abstract. The development of students' self-regulation skills in the process of media education is important for controlling impulsive behavior, effectively organizing time management, critical thinking, the ability to control their emotions and for their activities in the digital space. And in this regard, digital etiquette, being a set of rules and norms governing behavior on the Internet, includes respect for others, security, the avoidance of aggressive actions, consideration of intellectual property and compliance with the right to privacy.

The proposed article examines the relationship between self-regulation skills and digital etiquette in the process of media education and describes the impact of these issues on the development of personal and professional competencies of students.

The research work was organized within the framework of the grant project AP19679344 "research of the scientific and methodological foundations of the formation of network communicative culture and digital etiquette of teachers and students in universities" and covered 669 respondents. The questionnaire is based on determining students' opinions about the impact of internet use on emotional and psychological states.

The results of the survey showed that students try to follow the digital etiquette rules. However, some gaps have been identified in the practical application of digital etiquette as a means of developing self-regulation skills, indicating the need for additional research.

Based on the theoretical data of the study and the results of the survey, the authors proposed ways to implement digital etiquette in the development of students' self-regulation skills in the process of media education.

Keywords: media education, the process of media education, self-regulation, digital etiquette, psychological health, digital media

References

1. Capucci P.L. Media education, education and media, *Limina*, 2, 92-98 (2012).
2. Buckingham D. Defining digital literacy - What do young people need to know about digital media?, *Nordic Journal of Digital Literacy*, 10, 21-35 (2015). DOI: <https://doi.org/10.18261/ISSN1891-943X-2015-Jubileumsnummer-03>
3. Buckingham D. Epilogue: Rethinking digital literacy: Media education in the age of digital capitalism, *Digital Education Review*, 37, 230-239 (2020).
4. Buckingham D. *The Media Education Manifesto* (Polity Press: Cambridge, 2019, 128 p.).
5. Myslite kriticheski, klikajte s umom! uchebnaja programma JuNESKO po medijnoj i informacionnoj gramotnosti dlja pedagogov i uchashhihsja [Think critically, click wisely! UNESCO's Media and Information Literacy Curriculum for Educators and Learners.] (JuNESKO., Francija, 2021, 484 p.).
6. Fedorov A. Media literacy education (ICO "Information for All", Moscow, 2015, 577 p.).
7. Sejitkazy P.B. Sheteldik mediabilim tazhiribesin tal dau [Analysis of the experience of foreign media education], L.N.Gumilev atyndagy EUU, Gumanitarlyk gylymdar serijasy [L. N. Gumilyov ENU, Humanities series], 1(80) (2011). [Electronic resource] – Available at: <http://dspace.enu.kz/handle/123456789/80> (accessed: 11.08.2024). [in Kazakh]
8. Eyal K., Te'eni-Harari T. Systematic review: Characteristics and outcomes of in-school digital media literacy interventions, 2010-2021, *Journal of Children and Media*, 18(1), 8-28 (2023). DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2023.2265510>
9. Stern S., Moran K. Teens and digital media: How do we move toward productive public discourse?, *Journal of Children and Media*, 18(1), 1-7 (2024). DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2024.2302257>
10. Gökteke Z., Ocak G. The concept of self-regulation and its place and importance in educational sciences, *European Journal of Education Studies*, 11 (1), 159-168 (2024). DOI: <http://dx.doi.org/10.46827/ejes.v11i1.5160>
11. Lebedeva O.V., Povshednaja F.V., Karabushhenko N.B. Vozmozhnosti razvitija samoreguljicii studenta – budushhego pedagoga v uslovijah sovremennogo pedagogicheskogo vuza [Opportunities for the development of self-regulation of a student - future teacher in a modern pedagogical university], *Vestnik Minskogo universiteta* [Bulletin of the Minsk University], 2 (2016). [Electronic resource] – Available at: <https://www.minin-vestnik.ru/jour/article/view/217/218> (accessed: 18.08.2024). [in Russian]
12. American Psychological Association. APA Dictionary of Psychology. [Electronic resource] – Available at: <https://dictionary.apa.org/self-regulation> (accessed: 25.08.2024).
13. Almoslamani Y. The relationship between self-regulation learning and online learning adoption, *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 17(6), 2117-2126 (2022).
14. Johnson N. Examining self regulated learning in relation to certain selected variables, *Acta Didactica Napocensia*, 5(3), 1-12 (2012).
15. Daumiller M., Dresel, M. Supporting self-regulated learning with digital media using motivational regulation and metacognitive prompts, *the journal of experimental education*, 87(1), 161-176 (2018). DOI: <https://doi.org/10.1080/00220973.2018.1448744>
16. Matzat U., Vrieling, E. M. Self-regulated learning and social media – a 'natural alliance'? Evidence on students' self-regulation of learning, social media use, and student-teacher relationship, *Learning, Media and Technology*, 41(1), 73-99 (2015). DOI: <https://doi.org/10.1080/17439884.2015.1064953>

17. Nababan E., Sirait M., Siregar N. The Effectiveness of Animated Video Media to Improve Self-Efficacy and Self-Regulated Learning, Proceedings of the 7th Annual International Seminar on Transformative Education and Educational Leadership AISTEEL-2022, Medan, Indonesia, (2022). DOI: <http://dx.doi.org/10.4108/eai.20-9-2022.2324803>

18. Opfermann M., Scheiter K., Gerjets P., Schmeck A. Hypermedia and self-regulation: an interplay in both directions. International Handbook of metacognition and learning technologies. Springer international handbooks of education (Springer, New York, 2013, 28, p.129–141). DOI: https://doi.org/10.1007/978-1-4419-5546-3_9

19. Koçdar S. Çevrimiçi ortamlarda öğrenenlerin öz-yönetim becerilerinin geliştirilmesinde kullanılan stratejiler ve araçlar, Açıköğretim Uygulamaları ve Araştırmaları Dergisi, 1 (1), 39-55 (2015).

20. Mamina R.I., El'kina E.E. Setevoe obshchestvo i ego realii: cifrovoj jetiket [Network society and its realities: digital etiquette], Diskurs [Discourse], 5(2), 24-34 (2019). DOI: <https://doi.org/10.32603/2412-8562-2019-5-2-24-34> [in Russian]

21. Mamina R.I., Pochebut S.N. Cifrovoj jetiket i ego specifika: filosofsko-metodologicheskij aspekt [Digital etiquette and its specification: philosophical and methodological aspect], Diskurs [Discourse], 7(2), 16-27 (2021). DOI: <https://doi.org/10.32603/2412-8562-2021-7-2-16-27> [in Russian]

22. Valeeva G.V. Cifrovoj jetiket v virtual'nom obrazovatel'nom prostranstve universiteta [Digital etiquette in the virtual educational space of the university], Gumanitarnye vedomosti TGPU im. L.N. Tolstogo [Humanitarian Bulletins of L.N. Tolstoy TSPU], 3, 104-115 (2023). [Electronic resource] – Available at: <https://e.lanbook.com/journal/issue/331331> (accessed: 17.08.2024). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жоба жетекшісі, «педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, 010000, Астана қ., Қазақстан.

Читил М. – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, педагогика факультеті, Гази университеті, 06500, Анкара қ., Түркия.

Ырымбаева Н.А.* – хат-хабар үшін автор, 3 курс PhD докторанты, «педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, 010000, Астана қ., Қазақстан.

Құлдашева Н.У. – 3 курс PhD докторанты, «Педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, 010000, Астана қ., Қазақстан.

Сүлейменова Ж.Т. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, «Педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, 010000, Астана қ., Қазақстан.

Сведения об авторах:

Сейтқазы П.Б. – доктор педагогических наук, профессор, руководитель проекта, кафедра «Педагогика», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. А.Янушкевича, 6, 010000, г.Астана, Казахстан.

Читил М. – PhD, ассоциированный профессор, педагогический факультет, Университет Гази, 06500, г. Анкара, Турция.

Ырымбаева Н.А. – автор для корреспонденции, PhD докторант 3 курса, кафедра «Педагогика», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. А.Янушкевича, 6, 010000, г.Астана, Казахстан.

Кулдашева Н.У. – PhD докторант 3 курса, кафедра «Педагогика», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. А.Янушкевича, 6, 010000, г.Астана, Казахстан.

Судейменова Ж.Т. – магистр социальных наук, кафедра «Педагогика», Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, ул. А.Янушкевича, 6, г. 010000, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Seitkazy P.B. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, project manager, department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Çitil M. – PhD, Associate Professor, Faculty of Education, Gazi University, 06500, Ankara, Turkey.

Yrymbayeva N.A. – corresponding author, 3 st year PhD student, department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Kuldasheva N.U. – 3 st year PhD student, department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Suleimenova J.T. – Master of Social Sciences, department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, 010000, Astana, Kazakhstan.